

# "Кәріз суы Ертіс өзеніне құйылып жатыр"

**Шығыс Қазақстан облысының экологтары Өскемендегі "Riviera Residence" тұрғын үй кешеніндегі кәріз желісінің жұмыс істемеуі салдарынан жерге аққан кәріз суының сол маңдағы бау-бақша қоғамдастығының аумағы арқылы өтіп, Ертіс өзеніне құйып жатқандығы туралы ақпарат таратты. Осыған орай ШҚО Экология департаментінің мамандары тексеру жұмыстарын қолға алды.**

Департамент қызметкерлері оқиға орнына барып, ағынды су мен топырақтан сынама алды. Енді ондағы зиянды заттардың бар-жоғын анықтау үшін химиялық зерттеулер жүргізіледі, - деп хабарлады ведомство өкілдері.

Ал Өскемен қаласы әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, "Riviera Residence" тұрғын үй кеше-

нін "Өскемен Водоканал" ШЖҚ балансына беру туралы

**Зиянды заттардың бар-жоғын анықтау үшін химиялық зерттеулер жүргізіледі**

шешім қабылданған. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі бүгінде қажетті құжаттарды дайындап, келіссөздер жүргізуде. Алдағы уақытта кәріз суын қалалық кәріз желілеріне айдау үшін сорғы станцияларының жүйесін автоматтандыру жоспарлануда. Бұл кәріз суының жер бедері мен Ертіс өзеніне ағуына жол бермейді.

**Айбын АМАНГЕЛДІҰЛЫ**  
Шартты фотосурет



## Қысқаша

### Елдің көбі ескірген үйде тұрады

ШҚО-дағы көпқабатты үйлердің жартысынан көбі 50 жыл бұрын салынған

Мұндай ақпаратты Ұлттық статистика бюросы ұсынды. Олар бөліскен мәліметке сүйенсек, 2022 жылға дейін аймақ аумағында 18,5 мыңнан астам көпқабатты үй бар.

Олардың көбі:

- ✓1970 жылға дейін салынғандар – 8079 үй;
- ✓1971-1975 жылдар аралығында – 1490 үй;
- ✓1976-1980 жылдары – 1820 үй;
- ✓1981-1985 жылдары – 1604 үй;
- ✓1986-1990 жылдары – 2609 үй;
- ✓1991-1995 жылдары – 1187 үй;
- ✓1996-2000 жылдары – 286 үй;
- ✓2001-2005 жылдары – 193 үй;
- ✓2006-2010 жылдары – 848 үй;
- ✓2011-2015 жылдары – 194 үй;
- ✓2016-2020 жылдары – 147 үй;
- ✓2021 жылы – 42 үй;
- ✓2022 жылы – 22 үй салынды.

Аталған бюро ақпаратынша, облыстағы 47 көпқабатты тұрғын үй апатты жағдайда деп танылған. Онда 1000-нан астам адам тұрып жатыр.

Жекелей тұрғын үй құрылысына келсек, ескірген баспаналар да көп. Атап айтсақ, 1970 жылға дейін 47,5 мың үй салыныпты. Одан кейінгі жылдары олардың саны 42 мыңға дейін азайған.

### Қайта есептеледі

**Риддер тұрғындарына жылыту маусымы аяқталған соң жылу ақысы қайта есептеледі.**

Қала әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, жылу-электр орталығында биылғы жылыту маусымында жиі ақау шығуына байланысты тұрғындар үшін жылу ақысы қайта есептеледі. Сол үшін ЖЭО-ның иелерімен келіссөздер жүргізілген.

- Орталықтың жаңа иелеріне жылу ақысын қайта есептеу мүмкіндігі туралы хат жібердік. Олар жауап беріп, келісетіндіктерін білдірді. Бірақ заң бойынша қайта есептеу жылыту маусымы аяқталғаннан кейін ғана жүргізіледі. Қазір сол туралы халыққа түсіндіріп жатырмыз, - дейді Риддер қаласының әкімі Дмитрий Горьковой.

Еске салсақ, өткен жылы 23 қазанда Риддердегі жылу электр орталығында төтенше жағдай болды. Қазандықтар жұмысын тоқтатып, халық жылусыз қалған.

### Жаңаша формат

**Облыс орталығындағы Оралхан Бөкей атындағы қалалық кітапханада Наурызды NEO Digital форматында қарсы алды.**

17 наурыз күні руханият ошағында ерекше шара өтті. Наурызды жаңа форматта қарсы алғысы келген қала тұрғындары кітапханаға сағат 18.00-ден жинала бастады. Келушілердің дені жастар мен балалар болды.

Оларға виртуалды әлемдегі кескіндеме шоуы, қазақтың ұлттық киімінің цифрлық көрсетілімі, Наурыз туралы кітап көрмесі, "Қазақ қол өнері" шеберлік сабағы, театрландырылған қойылым және аквагримм ұсынылды. Ең бастысы - бәрі тегін.

- Маған VR-көзілдірік қатты ұнады. Басқа әлемге еніп кеткендей боласың. Енді кітапханаға жиі келіп тұрамын, - дейді Ерхан есімді 10 жасар шаһар тұрғыны.

# Технология тілін меңгергіңіз келсе



**Жаңа технология қарыштап дамып келе жатқан мына заманда жас түлектерге артылар жауапкершілік те, үміт те зор. Сол үшін олар университетті таңдар алдында жеті рет өлшеп, бір рет кескендері абзал. Жуықта Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ-да тілшілерге арналған пресс-тур өтті. Оған қатысқан біз бұл оқу ордасына түскен жастың терең білім алып шығатынына көз жеткіздік.**

Технология заманында техникалық университеттің атқарар міндеті ауқымды. Мұнда студенттердің тек теория жүзінде оқып қана қоймай, тәжірибе жинақтауына бар мүмкіндік жасалған. Осы ретте, "Smart engineering" құзірет орталығының берері мол. Орталық ТМК, машина жасау, медицина салаларында смарт-инжиниринг және импортты алмастыру технологияларын дамыту үшін құрылған.

- Жобаларды "Казцинк" ЖШС, "Машзавод" ЖШС, "Allintech" ЖШС, "Семей медицина университеті" КЕАҚ, Академик Н.Д. Батпенев атындағы Ұлттық Травматология және ортопедия ғылыми орталығы, "Майлы дақылдардың тәжірибелік шаруашылығы" ЖШС және "Қостанай агромеканикалық зауыты" ЖШС сынды серіктестермен бірлесіп іске асырудамыз. Маңызды

жобалардың бірі – ауыл шаруашылығы дақылдарын азықтандыру қондырғысын жасау. 12 инженерлік, 48 дөңгелегі бар машина топыраққа 7-8 сантиметр тереңдікте еніп, тыңайтқышты енгізеді. Сол арқылы азық-түлік өнімділігі 30%-ға артады, - дейді құзірет орталығының басшысы Бағдат Азаматов.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің байқауына ұсынған жоба 403 миллион теңге көлемінде грант жеңіп алды.

Сондай-ақ пресс-тур барысында тау-кен кешенінің бөлшектері мен тораптарының, машина және медицинаның сандық баламасын жасау, машина жасаудың жауапты бөлшектеріне инженерлік талдау технологияларымен таныстық.

**Талғатжан МҰХАМАДИЕВ**

# Паром жұмысын бастады

**Бұқтырма су қоймасы арқылы паром жұмысын бастады. Бұл туралы Күршім ауданының әкімдігі мәлімдеді.**

Жүретін орын – "Бұқтырма көпірі" құрылысының жаны.

- Аудан тұрғындарының облыс орталығымен қатынасын тұрақтандыру мақсатында, 2023 жылдың 21 наурызынан бастап "Ертіс" паромы навигациялық

кезенді қысқы кестеге сай бастайды, - деді аудан әкімі Алмат Ақышов.

**Қызыл Ту өткелі арқылы қатынайтын "Ертіс" паромының жазғы жұмыс кестесі:**



№	Жіберу пункті	Жіберу уақыты							
		06:00	08:00	10:00	12:00	14:00	16:00	18:00	20:00
1	Күршім жақтан								
2	Самар жақтан								

**Қызыл Ту өткелі арқылы қатынайтын "Ертіс" паромының қысқы жұмыс кестесі:**

№	Жіберу пункті	Жіберу уақыты					
		07:00	09:00	11:00	13:00	15:00	17:00
1	Күршім жақтан						
2	Самар жақтан						